

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Адастана

Ақшамы

25 ЖЫЛ

ОҚЫРМАН
ОЛЖАЛАҒАН

Жыл толды ұлы жүрек соқпағалы, мұс толды жанарыма жоқтағалы...

Ертең қасиетті жұмада қазақтың ұлы ақын қызы, аяулы Фариза
Оңғарсынованың дүниеден өткеніне бір жыл толады.

Фариза – поэзиядағы ұлы құбылыс еді. Ол өткен ғасырдың 80-ші жылдары орыстың Бәлла Ахмадулинасы, өзбектің Зульфиясы, тәжіктің Гүлрухсор Сафиевасы, армянның Сильва Капитукияны сынды ақын қыздарымен бірге жалпақ әлемге қатар шығып, қазақ жұртын дүние жүзіне танытты. Өлеңіндегі өршілдік, өткірлік, поэзиялық түрлі бояулар оның шығармашылығына тән еді, оқырмандар тұшынып оқитын.

Фариза апаймен 80-ші жылдардың аяқ шенінде мен бір ғимаратта (Жібек жолы,50), бір қоғамдық ұйымда бірге қызмет істеу бақытына ие болып едім (ол кісі «Пионер» журналының бас редакторы болды, біз «Білім және Еңбек» («Зерде») журналының редакциясында жұмыс жасадық). Оның ұлы Алмас менің қызым Тоғжанмен Алматыдағы жалғыз №12 қазақ орта мектебінде бір сыныпта оқыды. Ата-аналар жиналыстарына апаймен бірге қатынасып, мектептің түрлі шаруасына жәрдем етуге әрдайым дайын болатынбыз. Сол кездің өзінде Факең туралы аңыздар айтылатын, бірақ бұл «аңыздар» ақиқат еді. Мәселен, Әбеңнің (Әбіш аға Кекілбаев) көзінше неміс аудармашысын қазақтың салт-дәстүрін тәрк етіп, сыйламағаны үшін үйден тайып тұруын өтінгенінің өзі бір жыр ғой. «Қарға басып жейді, қыран шашып жейді», «Аққулар аздау болғанмен, қарғалар мұнда неге көп» дейтін.

Астанаға көшіп келгенде де түрлі басқосуларда бірге болып, ауруханада жатқанда көңілін сұрай барып жүрдік. Апайдың мінезі тіктеу болғанмен, жаны нәзік, мейірімді, әділ, тура сөйлейтін, бала-шағаның халін тәптіштеп сұрап отыратын, қақ-соғы жоқ, бостекі сөзге әуес емес, ешкімді де сыртынан ғайбаттамайтын адал да абзал жан еді...

Үзілді өрмек жібі өр өлеңнің...

Ойпырмай, қаңтар аяз ызғарын-ай,

Шайырды өмір-беттен сызғанын-ай.

Сұм ажал алып кетті маңдайалды

Алаштың Фаризадай қыздарын-ай.

Бұл да бір ұйтқып өткен дауыл шыны,

Бұл да бір түскен тағдыр ауыр сыны.
Самғаған көк аспанда дамылдамай
Дауылпаз құстың ұшты қауырсыны.

Қападан қайғы жұттық кәміл іштей,
Не дауа, осы болды тәңір істей.
Фариза – өткір тілді өлеңімен
Сақтардың көсем қызы Томиристей.

Қамқоршы қалың елге, ұлтқа талай
болды ол болат темір тұтқалардай.
Тілім, ділім дегенде атой салды
Қобыланды жары сұлу Құртқалардай.

Тұла бойы көл-көсір рухани кен,
Ұлт дегенде шығарар бұрқани дем.
Күңіреніп далам жатты, тауым жатты
Фариза озғанында бұ фәниден.

Жарқылдап жасын сынды болидтердей,
Өрлесе өрге шығар Олимптердей.
Үзілді өрмек жібі өр өлеңнің
Жүргенде өршіл ақын өріп теңдей.

...Ғазалда жан сүйсінер ғажаптығы,
Өлшенбес оның мөлдір таза, ақтығы.
Фариза – Орбитада айналатын
Бір ғасырда бір туар қазақ қызы!